«ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ МЕРКІ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «БАЛБӨБЕК» БӨБЕКЖАЙ- БАҚШАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

# *«Алтын күз»*

## *“Балапан”мектепке дейінгі кіші жас тобы*

**Тәрбиеші: Әмірова Р.Ә**

**Андас батыр**

# "Алтын күз"

Армысыздар ұстаздар мен ата-аналар, қадірлі қонақтар! Алтын күз, әсем айналам, Еліне береке сыйлаған деп «Алтын күз» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер!

**Жүргізуші:** Қарсы алайық бәріміз,
Жасымыз бен кәріміз.
Қырдан кепті қыдырып,
Алтын күз бізге нұр төгіп.

Тілегім аман болсын ел іргесі,
Алтын күз қайта келді берекесі.
Молшылықтың жаршысы бола білді,
Алтын күз-ырыс,береке,бірлік ала келді.

Алақай,алақай

Шаттанды балақай.

Береке-салты күз

Мереке-алтын күз

**Жүргізуші:**

Балалар бізге қонақ келе жатқан сияқты.Ол кім болды екен?

**Күз ханшайымы:**Сәлем менің достарым,
Өмірге көп қосқаным,
Күз сыйлығын алыңдар
Сыйлығына қаныңдар.
Молшылыққа кенеліп,
Шаттық әнге салыңдар.

**Жүргізуші:** Сәлеметсіз бе, Күз ханшайымы! Біздің балалар сізді асыға күтті. Ендеше біздің балаларымыздың өнерін тамашалауға дайынсыңба?

**Жүргізуші**:

Ұшты кенет жапырақ.
Ой, алақай, тамаша,
Шашу шашты жапырақ!
Алтын күзге арнаған биіміздібилейік

**Би: «Жапырақтар»**

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар өнерлі екенсіңдер.

Жемістерді теретін,

Күз дос екен бізбенен

Бәрін тауып беретін,

**Жүргізуші:**

Шалқып тасып әніміз,

Жадырасын жанымыз,

Бүгінгі күз кешінде

Би билейік бәріміз дей келе, жігіттеріміздің **«Жемістер көкөністер»**биін тамашалайық.

**Жүргізуші:** Күз ханшайымы! Біздің жігіттерміз бен қыздарымыздың аналары тіккен күздік киім үлгілерін көрсетпекші. Ендеше «Алтын күз-2023» күзгі сән үлгісін ортаға шақырамыз! Қарсы алыңыздар!

Қылықты ару-- Алина ,

Сәнді ару –Медина.

Сұлу да сүйкімді ару- Адия

Батыл жігіт –Муслим

Өте тамаша керемет .

**Күз ханшайымы:** Керемет! Қандай әдемі!

**Күз ханшайымы**: Мен сендермен ойын ойнағым келеді,балалар ойнауға дайынсыңдарма?

**Ойын: «Кім жылдам»**

**Ойын шарты:** Алдымызға берілген жемістер мен көкөністерді себетке жылдамдықпен жинау ,қандай жеміс екенін табуымыз керек.

**Күз ханшайымы**: --- Бәрекелді, керемет!

**Жүргізуші:**

Нұрға бөлеп өмірді,
Жырға бөлеп көңілді,
Жарқыраған сәулелі
Күз әуені төгілсін , **«Күз келді» әнімен** ортаға бүлдіршіндерімізді шақырамыз.

**Күз ханшайымы:** Жарайсыңдар балалар, өте тамаша.Балалар, менің басқа балабақша бүлдіршіндеріне баратын уақытым болыпты. Мен енді кетейін, келесі кездескенше сау болыңдар!

**Жүргізуші:** Құрметті қонақтар, ата-аналар бүгінгі «Алтын күз»атты ертеңгілігімізді аяқтай отырып, күз берекелі, астықты болсын демекпіз.

Сау болыңыздар қонақтар, келгенше жыл айналып.

Алтын
күз

Алтын
күз

Алтын
күз

Алтын
күз